

Келісемін  
Әдістемелік кеңес отырысында  
ӘК төрайымы  
Анапиянова М.М. \_\_\_\_\_  
2019 жылғы 2 қыркүйектегі № 1 хаттама

Бекітемін  
«Тереңкөл ауданының аграрлық -  
техникалық колледжі» КМҚК басшысы  
Габидулин Р.М. \_\_\_\_\_  
« \_\_\_\_\_ 2019 ж.



## ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

### 1. Жалпы ережесі

1. Педагогикалық кеңес қызметінің осы ережесі және оны сайлау тәртібі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына сәйкес, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогикалық кеңесі жұмысын ұйымдастыру Ережесіне сәйкес (ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2007 жылғы 24 тамыздағы №506 бұйрық) педагогикалық кеңес қызметінің тәртібін айқындайды.

### 2. Педагогикалық кеңесінің міндеттері

2.1 Педагогикалық кеңестің міндеттері:

- 1) білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие үрдісінің, оқытушылардың кәсіби дайындық деңгейінің, білім беру ұйымы білім алушыларының оқуы, тәрбие мен дамуының жай-күйіне диагностика жасау;
- 2) білім беру ұйымдары, әрбір оқытушы мен өндірістік оқыту шебердің кәсіптік шеберлігі мен шығармашылық дамуының кешенді-мақсатты бағдарламаларын әзірлеу;
- 3) колледждің барлық ұжымының сапалы оқу-тәрбие жұмысы үшін күшін біріктіру;
- 4) еңбек нарығының сұранысын, республика экономикасының даму болашағын ескере отырып, кадрларды даярлаудың сапасын тұрақты жетілдіру үшін жағдай жасау;
- 5) білім алушыларды тұлғалық-бағдарланған оқытуды және тәрбиелеуді қамтамасыз ету;
- 6) білім беру ұйымының оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудағы құзыретті тәсілін қалыптастыру;
- 7) оқу-тәрбие үрдісінің нәтижелілігіне және тиімділігіне мониторинг жасау нысандарын және әдістерін қалыптастыру;
- 8) оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудағы шығармашылық тәсілін білім беру ұйымдарында қамтамасыз ету.

### 3. Педагогикалық кеңестің құрамы

3.1 Білім беру ұйымының педагогикалық кеңесінің құрамына кіреді: колледждің басшылық құрамы, барлық инженерлік-педагогикалық ұжым, негізгі кәсіпорындар мен мекемелердің өкілдері, білім алушылар және олардың ата-аналары.

3.2 Ата-аналардан педагогикалық мүшелері колледж ата-аналар комитетімен ұсынылады.

3.3 ең үздік тәжірибелі басшылары қатарынан базалық кәсіпорындардың, мекемелердің өкілдерін осы кәсіпорындардың, мекемелердің басшылары ұсынады.

3.4 Педагогикалық кеңестің құрамы оқу жылына арналған ұйым басшысының бұйрығымен бекітіледі.

3.5 Педагогтік кеңестің төрағасы білім беру ұйымының басшысы болып табылады.

3.6 Педагогикалық кеңестің төрағасы жалпы басшылықты жүзеге асырады, оның отырыстарында төрағалық етеді, қабылданған шешімдерді бекітеді. Педагогтік кеңес мүшелерінің қатарынан ашық дауыс беру арқылы хатшы сайланады.

#### **4. Педагогикалық кеңестің құқығы**

4.1 Педагогикалық кеңес келесіні қарастырады:

1) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды дайындау бойынша нормативтік құқықтық актілерді және құқықтық актілерді орындау бойынша іс-шараларды;

2) оқу-тәрбие және әдістемелік жұмыс жағдайын, оқытудың барлық нысандары бойынша оқыту әдістерін жетілдіру мәселелерін, оқытудың жаңа (акпараттық, модульдік, тұлғалық бағдарланған және тағы басқа) технологияларын енгізу;

3) циклдік әдістемелік комиссия жұмыс жағдайын;

4) білім беру ұйымының оқу-материалдық базан дамытуды жоспарлау мәселелерін;

5) оқу-тәрбие және әдістемелік жұмысын жоспарлау мәселелерін;

6) басшылардың, оқытушылардың, өндірістік оқыту шеберлерінің, оқу-көмекші персоналдың біліктілікті арттыру, біліктілігін арттырудың жаңа нысандарын пайдалану мәселелерін;

7) жаңа мамандықтар мен пәндер бойынша оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлерін, оқытушылар құрамын дайындау, білім беру ұйымдарында оқытушылық қызметке жас мамандарды тарту;

8) басшы және инженер-педагог кадрларды аттестаттауға даярлауды ұйымдастыру және аттестаттау жүйесін жетілдіру;

9) білім алушыларды қабылдау, шығару және түлектерді жұмысқа орналастыру сұрақтары;

10) білім алушылар үлгерімінің ағымдағы бақылауын, аралық және қорытынды аттестаттауын өткізу және дайындау, дипломдық (жоба) жұмысты қорғау жөніндегі іс-шаралар;

11) білім алушылардың өндірістік тәжірибесін ұйымдастыру және өткізу мәселелері;

12) білім алушылардың тәртіп жағдайы, білім алушылардың үлгерімі бойынша, ішкі және жатақханада тұру тәртіп ережесін бұзғаны үшін сондай-ақ, жекелеген жағдайлардағы мәселелері, білім беру ұйымында білім алушыларды қалпына келтіру мәселелері;

13) оқу-тәрбие үрдісін компьютерлендірудің жай-күйі;

14) білім алушылар контингентін сақтау;

15) білім алушылардың тұлғалық-бағдарлы оқыту мен тәрбиелеу мәселелері;

16) еңбек рыногының талаптарына және экономиканың дамуының перспективаларына сәйкес кадрларды даярлау мәселелері.

4.2 Педагогикалық кеңес қарауына қажет болған жағдайларда жекелеген қызметкерлердің және аталған білім беру ұйымында олардың орындайтын жұмысы туралы мәселелері шығарылады.

4.3 Қызметін талқылауға көзделген білім беру ұйымының қызметкерлері педагогикалық кеңес отырысына қатысуға құқығы бар.

4.4 Қызметкерлер мәжіліс күні туралы кемінде жеті күн бұрын хабарланады.

## **5. Педагогикалық кеңес жұмысын ұйымдастыру тәртібі**

5.1 Педагогикалық кеңестің жұмысы оқу жылына әзірленген жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі, педагогтік кеңестің отырысында қаралады және білім беру ұйымының басшысы бекітеді.

5.2 Педагогикалық кеңесі беру ұйымының басшысы белгіленген мерзімде, бірақ кемінде екі айда бір рет жиналады. Педагогикалық кеңестің отырыстарында талқыланатын мәселелер бойынша орындау және орындалуына жауапты тұлғаларды көрсете отырып, шешім шығарылады.

5.3 Педагогикалық кеңестің шешімі жай дауыс берумен қабылданады және білім беру ұйымының басшысы бекіткеннен кейін күшіне енеді.

5.4 Педагогикалық кеңестің төрағасы қабылданған шешімдердің орындалуын жүйелі тексеруді ұйымдастыру және тексеру қорытындысын педагогикалық кеңестің талқылауына шығару тиіс.

5.5 Педагогикалық кеңестің әрбір мүшесі кеңестің барлық отырысына қатысуға тиіс, оның жұмысына белсенді қатысу, оған жүктелген тапсырмаларды уақытылы және нақты орындауға тиісті.

5.6 Педагогикалық кеңестің отырысы хаттамамен ресімделеді. Хаттамаға педагогикалық кеңестің төрағасы мен хатшысы қол қояды.

5.7 Әрбір хаттамада оның нөмірі, кеңес отырысының күні, қатысушылар саны, отырыстың күн тәртібі көрсетіледі. Сөз сөйлеудің айқын және толық жазбалары және талқыланатын мәселе бойынша қабылданған шешім жүргізіледі.

5.8 Педагогикалық кеңес отырыстарының хаттамалары білім беру ұйымының істер номенклатурасында тұрақты сақталатын құжаттар болып табылады және білім беру ұйымының қабылдау және тапсыру кезінде актісі бойынша тапсырылады.